



Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім министрлігі

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты

ОТАН ТАРИХЫ

2025. №28 (4)

ISSN 1814-6961
E-ISSN 2788-9718

- ТАРИХ
- ЭТНОЛОГИЯ
- АРХЕОЛОГИЯ

ОТАН ТАРИХЫ

2025. №28 (4)



ISSN: 1814-6961 (print)
ISSN: 2788-9718 (online)

Отан тарихы **Отечественная история** **History of the Homeland**

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал
2025. № 28 (4)

РЕДАКЦИЯ

Бас редактор

Қабылдинов Зиябек Ермұханұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас директоры (Қазақстан Республикасы, Алматы қ.)

Редакциялық алқа

Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан Республикасы, Астана қ.)

Абдырахманов Толобек Әбілұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қырғыз Республикасы Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі (Қырғыз Республикасы, Бішкек)

Апендиев Тимур Әкімханұлы – PhD докторы, доцент, жетекші ғылыми қызметкер, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан Республикасы, Алматы қ.)

Горшенина Светлана Михайловна – PhD, тарих ғылымдарының кандидаты; CNRS Eur'Orbem, UMR 8224, CNRS/ Sorbonne университетінің зерттеу бөлімінің директоры (Франция, Париж)

Исмағұлов Оразақ Исмағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің физикалық антропология зертханасының меңгерушісі (Қазақстан Республикасы, Астана қ.)

Шиндзю Като – PhD (археология бойынша), Нарадағы мәдени құндылықтардың ұлттық ғылыми-зерттеу институты (Жапония, Нара)

Бирсель Каракоч – Уппсала университетінің түркі тілдерінің профессоры (Швеция, Уппсала қ.)

Мионг Сун-ок – антропология ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор (Корея, Сеул)

Қозыбаева Махаббат Маликовна – PhD доктор; Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Алаш» мәдениет және рухани даму институтының жетекші ғылыми қызметкері (Қазақстан Республикасы, Астана қаласы)

Моррисон Александр – PhD, NewCollege профессоры, Оксфорд (Ұлыбритания, Оксфорд)

Мотузаите-Матузевичюте Гидре – археология ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс университетінің «Биоархеология» ғылыми орталығының жетекшісі (Литва, Вильнюс)

Муминов Әшірбек Құрбанұлы – тарих ғылымдарының докторы, арабтанушы, профессор; ИКҰ (Орталық Азия) ұйымдастыру қызметінің бас директорының кеңесшісі (Түркия, Стамбул)

Нұрсан Әлімбай – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Қазақстан Республикасы, Алматы қ.)

Отеева Гүлфира Елубайқызы – тарих ғылымдарының докторы, Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің профессоры (Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.)

Оутрам Алан – археология ғылымдарының докторы, Эксетер университетінің археология және тарих кафедрасының профессоры (Ұлыбритания, Эксетер)

Романова Екатерина Назаровна – Солтүстіктің байырғы халықтарының мәселелері және гуманитарлық зерттеулер институтының этнологиялық зерттеулер орталығының жетекшісі (АН СР(Ы) ХР) (Ресей Федерациясы, Якутск қ.)

Рюосуке Оно – Васеда университетінің тереңдетілген гуманитарлық зерттеулер орталығының доценті (Жапония, Токио)

Сәбитов Жақсылық Мұратұлы – Жошы Ұлысын зерттеу ғылыми институтының директоры, PhD доктор (Қазақстан Республикасы, Астана қаласы)

Томохико Уяма – PhD докторы, Хоккайдо университетінің славян және еуразиялық зерттеулер орталығының профессоры (Жапония, Саппоро)

Финке Питер – PhD докторы, Цюрих университетінің Макс Планк институтының профессоры (Швейцария, Цюрих)

Шотанова Ғалия Айтжанқызы – тарих ғылымдарының кандидаты, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері (Қазақстан Республикасы, Алматы қ.)

Жауапты редактор

Абдулина Ақсұңқар Тұрсынқызы

Жауапты хатшы және редактор

Мырзаходжаев Қуаныш Мәдиұлы

Редакторлар

Қасымова Дидар Бейсенғалиқызы

Черниенко Денис Аркадьевич

Досымбетов Нұрлыбек Айдарбекұлы

Көбеев Рүстем Джаулыбайұлы

Техникалық көмек

Зікірбаева Венера Серікқызы

Копеева Сания Жұматайқызы

РЕДАКЦИЯ

Главный редактор

Кабульдинов Зиябек Ермуханович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, генеральный директор Института истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, г. Алматы)

Члены редакционной коллегии

Абиля Аманжолович – доктор исторических наук, профессор (Республика Казахстан, г. Астана)

Абдырахманов Толобек Абилович – доктор исторических наук, профессор, член-корреспондент НАН КР (Кыргызская Республика, г. Бишкек)

Апендиев Тимур Акимханович – PhD, ассоциированный профессор, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, г. Алматы)

Горшенина Светлана Михайловна – доктор PhD, кандидат исторических наук; директор по исследованиям CNRS Eur'Orbem, UMR 8224, CNRS/Университет Сорбонны (Франция, г. Париж)

Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий лабораторией физической антропологии Национального музея РК (Республика Казахстан, Астана)

Като Синдзи (Shinji Kato) – PhD (в области археологии), Национальный научно-исследовательский институт культурных ценностей в Наре (Япония, г. Нара)

Бирсель Каракоч, профессор турецких языков, Уппсальский университет (Швеция, г. Уппсала)

Мионг Сун-ок – доктор антропологии, ассоциированный профессор (Корея, г. Сеул)

Козыбаева Махаббат Маликовна – доктор PhD; ведущий научный сотрудник Института культуры и духовного развития «Алаш» Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Республика Казахстан, Астана)

Моррисон Александр – PhD, профессор NewCollege, Оксфорд (Великобритания, Оксфорд)

Мотузаите-Матузевичюте Гидре – доктор археологии, профессор, руководитель Научного центра «Биоархеология» Вильнюсского университета, (Литва, г. Вильнюс)

Муминов Аширбек Курбанович – доктор исторических наук, арабист, профессор; консультант Генерального директора по организационной деятельности ОИК (Центральная Азия), (Турция, Стамбул)

Нурсан Алимбай – кандидат исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, г. Алматы)

Отепова Гульфира Елубаевна – доктор исторических наук, профессор Павлодарского педагогического университета им. А.Х. Маргулана (Республика Казахстан, г. Павлодар)

Оутрам Алан – доктор археологических наук, профессор департамента археологии и истории университета Эксетере (Великобритания, г. Эксетер)

Романова Екатерина Назаровна, руководитель Центра этнологических исследований Института гуманитарных исследований и проблем малочисленных народов Севера (ИГИ АН РС(Я)) (Российская Федерация, г. Якутск)

Рюосуке Оно – доцент, Центр перспективных гуманитарных исследований, Университет Васеда (Япония, г. Токио)

Сабитов Жаксылык Муратович – директор Научного института изучения Улуса Джучи, доктор PhD (Республика Казахстан, г. Астана)

Томохико Уяма – PhD, профессор Центра славянско-евразийских исследований университета Хоккайдо (Япония, г. Саппоро)

Финке Петер, доктор PhD, профессор Института Макса Планка, университет Цюриха (Швейцария, г. Цюрих)

Шотанова Галия Айтжановна – кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, г. Алматы)

Ответственный редактор

Абдулина Аксункар Турсуновна

Ответственный секретарь и редактор

Мурзаходжаев Куаныш Мадиевич

Научные редакторы:

Касымова Дидар Бейсенгалиевна

Черниенко Денис Аркадьевич

Досымбетов Нурлыбек Айдарбекович

Кубеев Рустем Джаулыбайулы

Техническое сопровождение

Зикирбаева Венера Сериковна

Копеева Саня Жуматаевна

EDITORIAL TEAM**Editor-in-Chief**

Kabuldinov Ziyabek Ermukhanovich – Doctor of Historical Sciences Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, general Director of Valikhanov Institute of History and Ethnology (Republic of Kazakhstan, Almaty)

Editorial board members

Abil Erkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Republic of Kazakhstan, Astana)

Abdyrakhmanov Tolobek Abilovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the National Academy of Sciences of the Kyrgyz Republic (Kyrgyz Republic, Bishkek)

Apendiev Timur Akimkhanovich – PhD, associate professor, leading researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Republic of Kazakhstan, Almaty)

Gorshenina Svetlana Mikhailovna – PhD, Candidate of Historical Sciences; Research Director of CNRS Eur'Orbem, UMR 8224, CNRS/Sorbonne University (France, Paris)

Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Laboratory of Physical Anthropology of the National Museum of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Astana)

Shinji Kato – PhD (Archaeology), Nara National Research Institute for Cultural Properties (Japan, Nara)

Birsel Karakoch – Professor of Turkic Languages, Uppsala University (Sweden, Uppsala)

Myong Soon-ok – PhD (Anthropology), Associate Professor (Seoul, Korea)

Kozybaeva Makhabbat Malikovna – PhD; Leading Researcher, Institute of Culture and Spiritual Development «Alash» of the L.N. Gumilyov Eurasian National University (Republic of Kazakhstan, Astana)

Morrison Alexander – PhD, Professor, New College, Oxford (United Kingdom, Oxford)

Motuzaitė-Matuzevichute Gidrė – Doctor of Archaeology, Professor, Head of the Scientific Center «Bioarchaeology» of Vilnius University, (Lithuania, Vilnius)

Muminov Ashirbek Kurbanovich – Doctor of Historical Sciences, Arabist, Professor; Consultant to the Director General for Organizational Activities of the OIC (Central Asia), (Turkey, Istanbul)

Nursan Alimbay – Candidate of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Republic of Kazakhstan, Almaty)

Otepova Gulmira Elubayevna – Doctor of Historical Sciences, Professor at the A. Margulan Pavlodar Pedagogical University (Republic of Kazakhstan, Pavlodar)

Outram Alan – Doctor of Archaeological Sciences, Professor of the Department of Archaeology and History, University of Exeter (Great Britain, Exeter)

Romanova Ekaterina Nazarovna – Head of the Center for Ethnological Research, Institute for Humanitarian Research and Problems of Indigenous Peoples of the North (IHR RAS (Yakutia)) (Russian Federation, Yakutsk)

Ryuosuke Ono – Associate Professor, Center for Advanced Humanitarian Studies, Waseda University (Japan, Tokyo)

Sabitov Zhaksylyk Muratovich – Director of the Scientific Institute for the Study of the Ulus of Jochi, PhD (Republic of Kazakhstan, Astana)

Tomohiko Uyama – PhD, Professor, Center for Slavic-Eurasian Studies, Hokkaido University (Japan, Sapporo)

Finke Peter – PhD, Professor, Max Planck Institute, University of Zurich (Switzerland, Zurich)

Shotanova Galiya Aitghanovna – Candidate of historical sciences, leading researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Republic of Kazakhstan, Almaty)

Editor-in-Chief

Abdulina Aksunkar Tursunovna

Responsible Secretary and Editor

Murzakhodjaev Kuanysh Madievich

Scientific Editors:

Kasymova Didar Beysengalieva

Chernienko Denis Arkadyevich

Dosymbetov Nurlybek Aidarbekovich

Kubeev Rustem Dzhaubayuly

Technical support

Zikirbaeva Venera Serikovna

Kopeeva Saniya Zhumataevna



Published in the Kazakhstan
Otan tarikhyy
Has been issued as a journal
since 1998
ISSN: 1814-6961 (Print)
ISSN: 2788-9718 (Online)
2025. Vol. 28. Is. 4. Pp. 1271–
1283
Journal homepage:
<https://otan.history.iie.kz>



FTAXP / MPHTI / IRSTI 03.20
https://doi.org/10.51943/2788-9718_2025_28_4_1271-1283

АТЫРАУ Өңіріндегі қуғын-сүргін: Өлім жазасына кесілген дін өкілдері

Қуаныш Серік Орынғалиұлы¹, Айдосынова Гаухар Жәнібекқызы,²
Мурзаходжаев Қуаныш Мәдиұлы³

¹ Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті (Атырау қ., Қазақстан)
т.ғ.к., қауымдастырылған профессор,
<https://orcid.org/0009-0000-8746-5385> E-mail: s.kuanysh@asu.edu.kz

² Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті (Атырау қ., Қазақстан)
тарих магистрі, аға оқытушы
E-mail: g.aidosynova@asu.edu.kz. <https://orcid.org/0000-0003-2645-2323>

³ Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
(28-үй, Шевченко көш., 050010 Алматы, Қазақстан)
ғылыми қызметкер
<https://orcid.org/0000-0001-7723-8082>. e-mail: kuka_ist@mail.ru

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2025

© Қуаныш С.О., Айдосынова Г.Ж., Мурзаходжаев Қ.М. 2025

Аңдатпа. *Kırişne.* Кеңес мемлекетінің жалпы жазалау саясатында дін өкілдері мен дінге сенушілерге қарсы қуғын-сүргін айрықша орын алды және ерекше мақсаттары мен міндеттерін көздеді. Дін өкілдерін қудалаудың тікелей («ашық»), жанама және жасырын («жабық») түрлері толығымен жүзеге асты. *Мақсаттар мен міндеттер.* Атырау өңірінде 1917 ж. дейін 45 ірі және 50-ден астам ұсақ мешіт-медреселер болған. Онда діни шаралармен қатар оқушылар қадим және жәдид әдістері бойынша білім алатын. Дін өкілдеріне қарсы қуғын-сүргін барысында барлық мешіттер талқандалып, көптеген молдадар мен сопылар атылды. *Материалдар мен тәсілдер.* Мақаланы жазу барысында Атырау облысы мемлекеттік архивінің, Батыс Қазақстан облысы мемлекеттік архиві, Атырау мен Батыс Қазақстан облыстарының Полиция департаментінің архив құжаттары, ҚР Президенті архивінің материалдары, жарияланған құжаттар жинақтары мен іргелі зерттеулер пайдаланылды. Тақырыпқа қатысты тың құжаттар ғылыми айналымға алғаш рет енгізіліп отыр. *Нәтижелер.* Мақалада кеңес билігінің қуғындауына ұшырап, ату жазасына кесілген қазақ және татар молдаларының аты-жөндері берілген. Зерттеу барысында есімдері бұрын қалың көпшілікке белгісіз болып келген дін өкілдері анықталды. *Қорытынды.* Жазықсыз жазаланған діни қайраткерлерді толық ақтаудың қажеттігін мемлекеттік органдар мен жұртшылыққа дәлелдеу – зерттеушілердің қасиетті парызы.

Түйін сөздер: Атырау облысы, дін өкілдері, молдалар, қуғын-сүргін, мешіт-медресе, рухани құндылықтар.

Алғыс: Зерттеу BR24993173 «Қазақстан тарихы бойынша иллюстрацияланған өмірбаяндық энциклопедия жазу» ғылыми жоба аясында орындалды.

Дәйексөз үшін: Қуаныш С.О., Айдосынова Г.Ж., Мурзаходжаев Қ.М. Атырау өңіріндегі қуғын-сүргін: өлім жазасына кесілген дін өкілдері // Отан тарихы. 2025. Т. 28. № 4. 1271–1283-бб. [Қазақша]. DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_4_1271-1283

РЕПРЕССИИ В АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ: ПРЕДСТАВИТЕЛИ РЕЛИГИИ, ПРИГОВОРЕННЫЕ К СМЕРТНОЙ КАЗНИ

*Қуаныш Серик Орынғалиевич¹, Айдосынова Гаухар Жанибековна²,
Мурзаходжаев Қуаныш Мадиевич³*

¹ Атырауский университет им. Х. Досмухамедова (г. Атырау, Казахстан)
к.и.н., ассоциированный профессор,
<https://orcid.org/0009-0000-8746-5385> E-mail: s.kuanysh@asu.edu.kz

² Атырауский университет им. Х. Досмухамедова (г. Атырау, Казахстан)
магистр истории, старший преподаватель
E-mail: g.aidosynova@asu.edu.kz. <https://orcid.org/0000-0003-2645-2323>

³ Институт Истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Шевченко, 28. 050010, г. Алматы, Казахстан)
Научный сотрудник
<https://orcid.org/0000-0002-7223-2439>. E-mail: kuka_ist@mail.ru

© ИИЭ им. Ч.Ч. Валиханова, 2025

© Қуаныш С.О., Айдосынова Г.Ж., Мурзаходжаев Қ.М., 2025

Аннотация. *Введение.* Репрессии в отношении духовенства и верующих занимали особое место в общей карательной политике советского государства и преследовали свои особые цели и задачи. Полностью реализованы прямые («открытые»), косвенные и скрытые («закрытые») формы преследования представителей религии. *Цель и задачи исследования.* В Атырауском регионе до 1917 г. было 45 крупных и более 50 мелких мечетей-медресе. Помимо религиозных мероприятий, учащиеся обучались методам «кадима» и «джадида». В результате репрессивных мероприятий против представителей религии были разрушены все мечети, расстреляны многие муллы и суфии. *Материалы и методы.* В процессе подготовки статьи использовались архивные документы Государственного архива Атырауской области, Государственного архива Западно-Казахстанской области, архивные материалы Департамента полиции Атырауской и Западно-Казахстанской областей, материалы Архива Президента Республики Казахстан, опубликованные сборники документов и фундаментальные исследования. По данной теме впервые вводятся в научный оборот новые архивные документы. *Результаты.* В статье приведены имена казахских и татарских мулл, подвергшихся преследованиям со стороны советских властей и приговоренных к расстрелу. В ходе исследования были выявлены имена многих религиозных деятелей, которые ранее были неизвестны широкой публике. *Выводы.* Довести до государственных органов и общественности необходимость полного оправдания невинно наказанных религиозных деятелей – священный долг исследователей. **Ключевые слова:** Атырауская область, духовенство, муллы, репрессии, мечети-медресе, духовные ценности.

Благодарность. Исследование выполнено в рамках научного проекта BR24993173 «Написание иллюстрированной биографической энциклопедии по истории Казахстана».

Для цитирования: Қуаныш С.О., Айдосынова Г.Ж., Мурзаходжаев Қ.М. Репрессии в Атырауской области: представители религии, приговоренные к смертной казни // Отан тарихы. 2025. Т. 28. № 4. С. 1271–1283. [на казахском яз.]. DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_4_1271-1283

REPRESSION IN ATYRAU REGION: REPRESENTATIVES OF RELIGION SENTENCED TO DEATH

*Kuanysh Serik Oryngalievich¹, Aydosynova Gaukhar Zhanibekovna²,
Murzakhodzhayev Kuanysh Madievich³*

¹ Atyrau University named after H. Dosmukhamedov (Atyrau city, Kazakhstan)
Candidate of historical science, Associate Professor
<https://orcid.org/0009-0000-8746-5385> E-mail: s.kuanysh@asu.edu.kz

² Atyrau University named after H. Dosmukhamedov (Atyrau city, Kazakhstan)
MA of History, Senior Lecturer
E-mail: g.aidosynova@asu.edu.kz. <https://orcid.org/0000-0003-2645-2323>

³ Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Shevchenko, 28. 050010, Almaty, Kazakhstan)
Scientific Researcher
<https://orcid.org/0000-0002-7223-2439>. E-mail: kuka_ist@mail.ru

© Valichanov IHE, 2025

© Kuanysh S.O., Aydosynova G.Zh., Murzakhodzhayev K.M., 2025

Abstract. *Introduction.* Repression of the clergy and believers occupied a special place in the general punitive policy of the Soviet State and pursued their special goals and objectives.

Direct («open»), indirect and hidden («closed») forms of persecution of representatives of religion have been fully realized. *The purpose and objectives.* In the Atyrau region until 1917 there were 45 large and more than 50 small mosques-madrassas. In the Atyrau region there were 45 large mosques. In addition to religious activities, students were trained in the methods of Kadim and Jadid. As a result of repressive actions against religious representatives, all mosques were destroyed, and many mullahs and Sufis were shot. *Materials and methods.* In the course of preparing the article, archival documents from the State Archive of Atyrau Region, the State Archive of West Kazakhstan Region, archival materials from the Police Departments of Atyrau and West Kazakhstan regions, materials from the Archive of the President of the Republic of Kazakhstan, published collections of documents, and fundamental studies were used. New archival documents related to this topic are being introduced into scientific circulation for the first time. *Results.* The article lists the names of Kazakh and Tatar mullahs who were persecuted by the Soviet authorities and sentenced to death. The study identified many religious figures who were previously unknown to the general public. *Conclusions.* It is the sacred duty of researchers to prove to the state authorities and the public the necessity of full justification of innocently punished religious figures.

Key words: Atyrau region, clergy, mullahs, repression, mosque-madrasah, spiritual values.

Acknowledgements. This research was conducted within the framework of the grant-funded project BR24993173 «Writing an illustrated biographical encyclopedia on the history of Kazakhstan».

For citation: Kuanysh S.O., Aydosynova G.Zh., Murzakhodzhayev K.M. Repression in Atyrau region: representatives of religion sentenced to death // Otan tarihy. 2025. Vol. 28. No 4. Pp. 1271–1283. [in Kazakh]. DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_4_1271-1283

Кіріспе. Кеңес билігінің орнауы Қазақстанда да дінге, дін өкілдеріне қарсы қуғындау, алалау, кемсіту саясатымен қатар жүрді. Коммунистік партия саясаты діннің ықпалын төмендетіп, жаңа идеология – коммунизм идеясын қалыптастыруға, қоғамдық өмірден дінді аластатуға, діни қызметкерлерді құртуға, мешіт-медреселерді, шіркеулерді жабуға бағытталды. Ол, өз кезегінде, дін өкілдерінің қоғамдағы әлеуметтік байланыстарының үзілуіне, қоғамда дінге, дін өкілдеріне қарсы бағытталған әлеуметтік қақтығыстардың өршуіне, ұзақ жылдар бойы қалыптасқан дәстүрлі ғұрыптар мен құндылықтар жүйесінің бұзылуына, соның нәтижесінде ұлттық тәрбие, ұлттық сана мен менталитеттің құлдырауына әкелді. Дін өкілдерін «үстем тап өкілдері» ретінде жою, түптеп келгенде, қоғамды үлкен трагедияларға алып келді, ұлттық тұтастықтың негізі ыдырап, ұлттық жады мен ұлттық санаға көптеген жылдарға созылған жарақат түсті.

Өзектілігі. ҚР президенті Қ.К. Тоқаевтың 2020 жылғы 24 қарашадағы №456 Жарлығы бойынша кеңестік кезеңдегі саяси қуғын-сүргін құрбандарының барлық санатына қатысты тарихи әділеттілікті толық қалпына келтіруге арналған мемлекеттік комиссия және өңірлік комиссиялар құрылды. Комиссия зерттейтін басты бағыттарының бірі – жазықсыз жазаланған дін өкілдерін толық ақтау болып табылады. Архив деректер көрсеткендей, кеңес билігінің ислам дініне, оның ішінде қазақ діни қауымына қатысты саясаты – қарсылық көрсетуге қабілетті ауыл-селолардағы идеологиялық қарсыластарын толық құрту бағытындағы әрекеттер еді. Ол тек «бай-кулактарға» ғана емес, қарсылық қозғалыстарының басында болуы мүмкін барлық күштерге, оның ішінде дін өкілдеріне де, қарсы бағытталды. Яғни, ислам дінін кеңестік қоғам өмірінен мүлдем аластау мақсаты қойылды. Дінге қарсы күрес діни ұйымдардың жұмысын тоқтату, мешіттер мен медреселерді жабу, діни жоралғыларға тиым салумен басталып, 1937–1938 жж. дін өкілдерін тікелей репрессиялаумен жалғасты. 1950–1960 жж., 1980–1990 жж. дін өкілдерінің біразы ақталғанымен де, оларды толық ақтау мәселесі күн тәртібінен әлі түскен жоқ.

Мақсаты мен міндеттері. Мақаланың мақсаты – жазықсыз жазаланған дін иелерін толық ақтаудың қажеттігін мемлекеттік органдар мен жұртшылыққа дәлелдеу болып табылады. Зерттеудің нәтижесінде жұртшылықтың назарынан тыс қалған көптеген діни қайраткерлердің есімдері анықталды.

Материалдар мен әдістемесі. Мақала жазу барысында Атырау [Атырау облысы мемлекеттік архиві] және Батыс Қазақстан [Батыс Қазақстан облысы мемлекеттік архиві] облыстары мемлекеттік архивтері, Атырау [Атырау облысы Полиция департаменті] және Батыс Қазақстан [Батыс Қазақстан облысы Полиция департаменті] облыстары Полиция департаменті ақпараттандыру және байланыс басқармаларының арнайы мемлекеттік архивтері, ҚР Президентінің архиві [Қазақстан Республикасы Президентінің архиві] құжаттары пайдаланылды. Бұл мәліметтер ғылыми айналымға алғаш енгізіліп отырғандықтан зерттеушілер үшін өте құнды ақпараттар береді.

Ғылыми талдау әдістерін пайдалану XX ғ. 20–30 жж. оқиғалардың объективті бейнесін қалпына келтіруге мүмкіндік берді. Кеңес билігінің дін өкілдеріне қарсы кең көлемді репрессиялық саясатын сипаттау үшін салыстырмалы әдіс пайдаланылды.

Талқылау. Қазақстандық және шетелдік тарихнама діннің әртүрлі аспектілерін, оның идеологиясының оң және теріс, жағымды және жағымсыз жақтарын жан-жақты зерттеп келеді. Алайда, егер ресейлік зерттеушілер дін өкілдеріне қарсы репрессиялық саясатты зерттеуде біраз тәжірибе жинаса, қазақстандық зерттеушілер бұл проблеманы зерттеуде кенже қалуда. Іс жүзінде, отандық тарихнамада бұл мәселе әлі күнге дейін арнайы зерттеу объектісіне айналмай отыр. Мұсылман дін өкілдеріне қатысты жалпы зерттеу жұмыстары кейбір шетелдік және отандық зерттеушілер еңбектерінде кездеседі.

М.Қ. Қозыбаев [Қозыбаев, Алдажуманов, 1997], А.Н. Нысанбаев [Нысанбаев, Сулейменов, 1991], И.М. Қозыбаев [Қозыбаев, 2019] еңбектерінде сталинизм тоталитаризмнің варианттарының бірі ретінде қаралады. Авторлар архив құжаттары негізінде 1937–1938 жж. қуғын-сүргінді талдауға мән береді.

М.Қ. Қойгелдиевтің [Қойгелдиев, 2009] әртүрлі конфессияларға арналған, сонымен қатар дін өкілдерінің қызметі мен қилы тағдырын зерттеуге арналған еңбектері ерекше қызығушылық тудырады. М.Қ. Қойгелдиев алғашқылардың қатарында қазақ халқының рухани өмірінде айырықша рөл атқарған әлеуметтік топты жою процесін талдап жазған болатын.

XX ғ. 20–30 жж. Қазақстан мен Орта Азиядағы әртүрлі діни теориялар мен ағымдардың қалыптасу және даму тарихы М.Х. Әбусейтова [Әбусейтова және т.б., 2001], А.К. Муминов [Муминов, 2004], А.М. Нұрғалиева [Нұрғалиева, 2005], Н.Д. Нұртазина [Нұртазина, 2008], А.С. Тасмағамбетов [Тасмағамбетов, 2008] және т.б. қазақстандық тарихшылар еңбектерінде көрініс тапқан.

Отандық ғалымдардың келесі бір бөлігі қожалар, сопылар және басқа мұсылман дін өкілдерінің қазақ қоғамындағы рөлі мен маңызына мән бере отырып, Қазақстан территориясындағы әртүрлі діни ұйымдардың қызметі тарихына көңіл бөледі. Оларға З.З. Жандарбек [Жандарбек, 2002], З.О. Ибадуллаева [Ибадуллаева, 2001], Р.М. Мустафина [Мустафина, 2003], А.П. Абуов [Абуов, 1997] еңбектері жатады.

Қазақстанның әртүрлі облыстарында қызмет еткен, кейін кеңес билігінің шешімімен жойылған мешіттер мен медреселердің саны туралы мәлімет беретін Н. Сабитов [Сабитов, 1950], Г.Д. Мұхтарова [Мұхтарова, 2007], Н. Нұртазина [Нұртазина, 2002], Н. Сабырғалиева [Сабырғалиева,

2022] еңбектері үлкен қызығушылық туғызады. А.С. Жанбосынова жарияланымдары [Жанбосынова, 2009; 2012; 2015] мұсылман дін өкілдеріне қарсы заңдық-құқықтық шараларға байланысты мәселелердің кең ауқымын қамтиды.

Ю.В. Шаповал [Шаповал, 2022] мақаласында Солтүстік Қазақстандағы кеңес билігінің сайлау құқығынан айырылғандарға қатысты көзқарасы және «контрреволюциялық ұйымдармен» күресі сипатталса, архив құжаттары негізінде жазылған Қ. Құттымұратұлы еңбегінде [Құттымұратұлы, 2021] Батыс Қазақстан облысындағы қуғын-сүргінге ұшыраған дін өкілдері туралы толық мәлімет береді. Кеңес билігінің Атырау өңіріндегі дін басыларға қарсы ұстанымы С.О. Қуаныш, Г.Ж. Айдосынова [Қуаныш, Айдосынова, 2022] еңбектерінде берілген.

Діни ұйымдарға қарсы жүргізілген дөрекі саясат пен оның әсері К.Т. Бодеев және З.Г. Сақтағанова [Бодеев, Сақтағанова, 2018], сонымен қатар Б.Ж. Ақтаулов [Ақтаулова, 2013] еңбектерінде берілген.

Кеңес билігінің дін өкілдеріне қарсы репрессиялық саясатын зерттеуде шетелдік зерттеушілер де үлкен үлес қосты. Ресей тарихшылары Д.Ю. Арапов [Арапов, 2010], Б.М. Бабаджанов [Бабаджанов және т.б., 2007], А.И. Савин [Савин, 2005], А.А. Хисматулин [Хисматулин, 2008], Р.И. Хакимов [Хакимов, 2013] еңбектерінде билік пен мұсылман дін басыларының ара қатынасына мән береді.

Ислам дін өкілдерінің ресми билікпен араларындағы проблемаларды зерттеуді алыс шетел ғалымдары да өздерінің ғылыми зерттеулеріне арқау қылуда. Бұл мәселелер бойынша А. Парк [Park, 1957], А. Беннигсен [Bennigsen, 1980], К. Блисс Итон [Bliss Eaton, 2004], М. Кемпер [Kemper, 2009] еңбектерін атап өтуге болады.

Зертеу нәтижелері. Діни қызметкерлерді қудалаудың алғашқы қадамы – сайлау-сайлану (азаматтық) құқығынан айыру болатын. 1918, 1925, 1926 жж. РСФСР Конституциясы, 1922, 1926 жж. РСФСР Қылмыстық кодексі, Халық Комиссарлар Кеңесінің 1918 ж. 20 қаңтардағы «Шіркеуді мемлекеттен және мектепті шіркеуден айыру туралы» Декреті, 1925 ж. 13 қазандағы Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитетінің «Қалалық және селолық Кеңестерге сайлау және Кеңестердің съезін шақыру туралы» Нұсқаулығы, Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитетінің 1926 ж. 4 қарашадағы «Қалалық және селолық Кеңестерге сайлау және Кеңестердің съезін шақыру туралы Нұсқаулықты бекіту туралы» Декреті, РСФСР Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлар Кеңесінің 1929 ж. 8 сәуірдегі «Діни бірлестіктер туралы» Қаулысы және т.б. заң актілері бойынша алғашқылардың қатарында дін өкілдері «тап жаулары» ретінде жойылуы тиіс еді. Жергілікті жерлерде ислам діні өкілдері – хазірет, имам, ишан, молда, сопылар, бөлек «діни қызметкерлер» («служителей религиозного культа») деген жалпы атпен қудаланған діни орындардағы шаруашылық қызметтерді атқарғандар немесе дін жолында жүргендер де болды [АОМА. 2-қ.], [БҚОМА. 24-қ.]. Кейін сот үкімі шыққандардың ішінде «балгер», «көріпкел», «қаңғыбас» аталған адамдар жиі кездеседі. Бұл категориядағы адамдар қоғамдағы міндетті саналған дәстүрлі әлеуметтік, жанұялық ғұрыптарды, ритуалдарды жүзеге асырушы болды, олардың ел арасындағы беделі мен олардың қызметіне сұраныс атеистік идеологияны таратуға кедергі келтірді, сондықтан оларды заңнан тысқары қоюдың, легитимдігін жоюдың бір жолы ретінде сайлау-сайлану құқығынан айыру сияқты саяси-құқықтық сипаттағы жаза қолданылды. Азаматтық құқығынан айырылғандар «халық жауы» атты жаңа стереотипке, советтік антогонистік идеологеманың басты элементіне және бұдан кейінгі репрессиялардың дайын әрі оңтайлы объектісіне айналды.

Дін өкілдерін қудалау кеңес өкіметі орнағаннан кезден-ақ басталды, дегенмен, 1937-1938 жж. «Үлкен террор» кезінде ол өзінің шырқау шыңына жетті, ал оларды өлім жазасына кесу соттан тыс орган «Ерекше үштіктің» үкімдерімен рәсімделді.

Атырау өңірінде қуғынға ұшыраған дін өкілдерін сараптай келе, әзірге, **өлім жазасына кесілген 80 адам** анықталды. Олардың 65-і қазақтар (бұрынғы деректерде өлім жазасына кесілген 45 молда туралы айтылатын), 10-ы орыстар, 5-і татарлар. Сонымен қатар, 3 адам (қазақтар) тергеу барысында қаза тапқан. Оларды да бұл тізімге қостық. Толық емес мәліметтер бойынша еңбекпен түзету лагерлеріне 3 жылдан 10 жылға дейін сотталғандар – 39 адам. Бұл жерде бір адамға тек бір ғана (ең соңғы) жазаны белгіледік. Ал шын мәнінде, бір адамның бірнеше жазаны өтеп, соңында ату жазасына кесілген фактілер көптеп кездеседі. Мысалы, Ескене мұнай кеніші тұрғыны, бұрынғы молда Нияз Бекимов 1931 ж. «бай-кулак» деген айыппен 3 жылға жер аударылса, 1936 ж. 5 жылға бас бостандығынан айырылады, ал 1937 ж. ату жазасына кесіледі. Сондай-ақ, Теңіз ауданындағы Нұржау ауылының тұрғыны, мұхтасиб Мұхаметшәріп Бекбаев 1930 ж. 5 жылға сотталса, 1937 ж. атылған. Ганюшкино ауылының тұрғыны, имам Жармұхамбет Бекетаев 1931 ж. 7 жылға сотталып, 5 жылға

жер аударылса, 1937 ж. атылған. Бақсай ауданы Тұщықұдық ауылының тұрғыны, 1930 ж. жүн салығын «әдейі» төлемегені үшін 5 жылға сотталып, жер аударылған, ал 1933 ж. жер аударған жерден қашып келгені үшін 3 жылға итжеккенге кеткен, молда Мұқат Бердиев 1938 ж. атылған. Осы аталған адамдардың алғашқы тартқан жазалары үшін ақталғандығы туралы мәлімет жоқ. Біраз адамдар 1950-1990 жж. осы «қылмыстары» үшін ақталғанымен де сайлау және сайлану құқығынан айырылуына байланысты құқықтық мәртебесін қалпына келтіру және оларды құқықтық ақтау мәселесі тіптен көтерілмеді. Айталық, 1937 ж. 14 наурыздағы КСРО Орталық Атқару Комитеті төралқасының «Әлеуметтік шығу тегі, мүліктік жағдайы және бұрынғы қызметі бойынша КСРО азаматтарының сайлау құқықтарынан айыру туралы істерді жүргізуді тоқтату туралы» қаулысында да, 1958 ж. 25 желтоқсандағы «Сот бойынша сайлау құқықтарынан айырудың күшін жою туралы» КСРО Заңы бойынша да сайлау құқығынан айыруға сотталған барлық адамдар осы жазадан босатылғанымен олардың ақталуы туралы ештеңе айтылмады.

Қазіргі кезде бізге белгілі архив құжаттары бойынша алғашқы дін өкілін өлім жазасына кескен «үштік» шешімі 1930 ж. 9 қазанда қабылданған екен. Ол бойынша Теңіз ауданы Өлеңді ауылының тұрғыны, 1927 ж. сайлау құқығынан айырылған «бұрынғы дін өкілі – сопы, еш жерде жұмыс жасамайтын, өзінің жеке шаруашылығымен айналысқан саудагер, малшы, бағбан», 48 жастағы *Қадыр Оспановты* Теңіз ауданы бойынша ОГПУ-дың Гурьев округтік бөлімі тұтқындайды. 9 қазанда Қазақстандағы ОГПУ-дың өкілетті өкілдігі Үштігінің шешімімен өлім жазасына кесіліп, 4 қарашада атылған.

1930-1932 жж. ұжымдастыруға қарсы халық қозғалыстары Атырау өңірін де шарпыды, әсіресе, ол Маңғыстауға жақын Жылыой өңірінде кеңінен таралды. Кеңес билігіне қарсы шыққан «банды» деп айыпталғандар арасында 1899 ж. Жем-Атырау болысы №1 ауылда дүниеге келген, Жем бойындағы №42 ауыл тұрғыны, 1924 ж. бастап сайлау құқығынан айырылған, молда *Ақтан Төлеков* те болған. 1932 ж. 11 ақпанда НКВД-ның Жилая Коса аудандық бөлімшесі Төлековты тұтқынға алады. Тергеу барысында НКВД азаптауын көтере алмай ол қаза табады.

1932 ж. 3 маусымда Теңіз ауданы, Зормата ауылында 1876 ж. дүниеге келген, Нұржау ауылының тұрғыны, өз мешіті бар, молда *Мәжит (Әбділмәжит) Айдыналиев* тұтқынға алынады [ҚР ПА. 27-к. 941-іс]. Оны 1929 ж. сайлау құқығынан айырып, ал 1931 ж. РСФСР Қылмыстық кодексінің 109 бабы бойынша соттап, 5 жыл еңбекпен түзеу лагеріне жіберуге үкім шығарады. 1932 ж. 3 маусымда ОГПУ-дың Теңіз аудандық бөлімшесі Айдыналиевті қайтадан қамауға алады, тергеу барысында НКВД азаптауын көтере алмай ол қаза табады.

Дін өкілдерін жаппай өлім жазасына кесу 1937 жылдан басталады.

1937 ж. 25 сәуірде Ескі Қызылқоғандағы «Хасан хазірет мешітін» басқарған, діни жоғары білімі бар имам-мухтасиб, хазірет *Хасан Нұрмұхамедов* қамауға алынды [БҚОПДА. 6-к. 1124-іс]. Хасан хазірет маңғыстаулық мухтасиб Хади Сұлтанов, молда Оразмағамбет Тұрмағамбетов, имам Әби Өтемағамбетовпен бірге айыпталды. «Хасан Нұрмұхамедовтің ісі» деген жалпы атпен белгілі бұл қуғын-сүргін Батыс Қазақстан бойынша «контрреволюциялық, панисламдық, шпиондық-бүлікшіл ұйым мүшелері болып табылатын» барлық дін өкілдерін қудалауға және 1937-1938 жж. Атырау өңірінің 65 қазақ, 5 татар молдаларын өлім жазасына кесуге жол ашты.

Енді, өлім жазасына кесілген дін өкілдерінің атылған уақыты мен олардың кейбіреулеріне кеңінен тоқталсақ.

10 қарашада – 69 жастағы молда *Мүсір Арыстанов* атылды.

16 қарашада – 71 жастағы, діни орта білімі бар, молда *Жұмағали Сегізбаев* атылды. Ж.Сегізбаевтың кінәсі: бұрын Орал түрмесінде отырғандығы, Хасан хазіретті 1904 жылдан – Қызылқоғанда тұрған кезінен білетіндігі, 1926-1928 жж. Ракуша болысы №2 ауылда имам болғандығы. Оны айыптау қаулысында (басқа да дін өкілдеріне тағылған айыптарға ұқсас) былай деп жазылған: «Жапонияның КСРО-ға қарсы соғысы қарсаңында қарулы көтеріліс дайындау арқылы контрреволюциялық панисламдық ұйымдар кеңес билігін күштеп құлатуды және Қазақстанда буржуазиялық, ұлтшыл мемлекет құруды, жеке меншік пен дінді қалпына келтіруді, мешіттер мен діни мектептер ашуды, молда-ишандар мен байларға артықшылық беруді мақсат етті. Ұйымдардың практикалық қызметі ауданда контрреволюциялық көтерілісшілер ұяшықтарын құруға, бүлікшіл диверсиялық кадрларын даярлауға, молдалар, ишандар, байлар, қоғамға қарсы және жат элементтер қатарынан ұйымға адамдар тартуға, колхоздардағы, совхоздардағы және Ембімұнай кәсіпшілігіндегі зиянды диверсиялық әрекеттерге, халық арасында жеңіліс үгітін таратуға, діни қызметті жандандыруға бағытталды. Ұяшықтар Қаратөбе, Жымпиты,

Маңғыстау, Жангелді, Жилая Коса, Теңіз аудандарында, Ембімұнай кәсіпшіліктерінде – Мақатта, Доссорда, Қосшағылда құрылды» [БҚОПДА. 6-қ. 2834-іс].

20 қарашада – 54 жастағы, «дінге сенушілердің сенімдерін пайдалана отырып антисоветтік насихат жүргізгені үшін» осыған дейін екі рет сотталған бұрынғы саудагер, ақ гвардия офицері, молда *Залетдин Хамзинович Туктамышев* атылды.

28 қарашада – 62 жастағы ауыл молдасы, әрі бақсы ретінде адам емдеген *Жұмат Наурызәлиев* атылды [ҚР ПА. 27-қ. 1402-іс].

3 желтоқсанда түнгі сағат 2-де – 7 бірдей молда атылды. Олар: Гурьев қаласындағы «Ақ мешіт» мешітінің бас имамы *Мырзағали Иманғазиев*, осы мешітінің молдалары *Қосмұхан Маманов*, әкесі Елеумен бірге жеке меншік мешіт ұстаған, молда *Ғаббас Елеуов*, Мұсылман мешіттері Кеңесінің мүшесі, молда *Әубәкір (Әбубәкір) Наушабаев*, бұрынғы молда, төре тұқымы, 73 жастағы мал бағып жүрген *Қадыр Тойшыбаев* [ҚР ПА. 27-қ. 629-іс] және діни жоғары білімі бар, «Жаршық» ТОЗ-ының мүшесі, 52 жастағы имам-молда *Мұқаш Жаңбырбаев* [БҚОПДА. 6-қ. 2835-іс], Рақуша поселкесінің тұрғыны, жасы 65-тегі, молда *Нияз Бекімов* [ҚР ПА. 27-қ. 907-іс]. «Ақ мешіт» мешітінің бас имамы М. Иманғазиев 1922 ж. бастап азаматтық құқығынан айырылған еді. 1929 ж. дейін Сарайшықта имам-молда болып қызмет атқарып, сол жылы бай-молда ретінде мал-мүлкі кәмпескеленген болатын. 1930 ж. Гурьев округтік сотының көшпелі сессиясы молда-хазірет М. Иманғазиевті мемлекеттік салықты орындамады деп айыптап, РСФСР Қылмыстық кодексінің 58-10 бабы бойынша 5 жылға Гурьев қаласына жер аударып, бір жылдай түрмеге қамауға үкім шығарған еді. Кейін ол Гурьев қалалық мешітінде қатардағы молда болып бастап, бас имам дәрежесіне көтерілді. М. Иманғазиевке «контрреволюциялық ұйым ісіне белсене араласты, халықты үкіметке қарсы қойды, жапон империализмінің көмегімен кеңес үкіметін құлатуға тырысты» деп айыптады [ҚР ПА. 27-қ. 629-іс].

5 желтоқсанда – имам-мухтасиб, хазірет Хасан Нұрмұхамедовпен бірге жасы 61-дегі, молда, хазірет *Сапар Лұқпановты* атылды [ҚР ПА. 27-қ. 1126-іс]. С. Лұқпановты 1931 ж. 17 шілдеде Новобогат халық соты Қылмыстық кодекстің 169-2, 73-1 баптары бойынша 4 жылға бас бостандығынан, 3 жылға азаматтық құқығынан айырып, Қарағанды лагеріне жіберген болатын. 1936 ж. елге оралған С.Лұқпанов Индер ауданы Тума селосында тұрып, емшілікпен айналысқан еді.

7 желтоқсанда – Жылыой өңіріндегі Ақтайлақ ауылында әкесінен қалған мешітті ұстаған ишан-молда, имам *Әби Өтемағамбетов* [ҚР ПА. 27-қ. 1127-іс] пен Айранкөл мешітін ұстаған, ишан отбасынан шыққан, имам-молда *Нығметолла Ермұхамедов* [ҚР ПА. 27-қ. 745-іс] атылды.

16 желтоқсанда – Теңіз ауданы Нұржау ауылының тұрғыны, 78 жастағы имам *Гафар (Ғабдолгафар) Боранқұлов*, Өлеңті ауылының тұрғыны, жасы 65-тегі молда *Қайырқұл Жүсіпов*, Өлеңті ауылының тұрғыны, діни жоғары білімі бар, молда-мұхтасиб *Мұхаметишәріп (Мұхаметжан) Бекбаев* [ҚР ПА. 27-қ. 560-іс], жасы 67-дегі, Гурьев қаласында мешіт молдасы болған, сопы *Мамай Жұмабаев* [ҚР ПА. 27-қ. 890-іс] атылды. Мұхтасиб М. Бекбаевты 1930 ж. 26 тамызда Гурьев округі Теңіз аудандық ОГПУ бөлімшесі тұтқындап, Ерекше үштік 1930 ж. 9 қазанда Қылмыстық кодекстің 58-10, 58-13 баптары бойынша 5 жыл бас бостандығынан айырып, Қарқаралы арнай мақсаттағы лагеріне жіберген болатын. Жазасын толық өтеп келген М. Бекбаев қайтадан тұтқындалып, енді «Алаш сиездерінің және барлық мұсылман сиездерінің белсенді мүшесі, Алашорда қайраткері хазірет, ишан Қуанай Қосдәулетовпен байланыста болған контрреволюциялық, панисламдық бүлікшіл-шпиондық ұйым мүшесі» ретінде айыпталды [ҚР ПА. 27-қ. 1087-істер].

Дін өкілдерін жаппай өлім жазасына кесу 1938 жылы да жалғасты.

2 қаңтарда – 64 жастағы, Қылмыстық кодекстің 169 бабы бойынша 7 жылға бас бостандығынан айырылып, 5 жылға итжеккенге барып келген бұрынғы имам-молда *Жармұхамбет Бекетаев* [ҚР ПА. 27-қ. 561-іс] пен 1929 ж. дейін мешіт ұстаған, сол жылы кәмпескеленіп, сайлау құқығынан айырылған, 1931 ж. мемлекеттік тапсырысты орындамағаны үшін Қылмыстық кодекстің 61 бабы бойынша 5 жылға сотталған, жазасын Қарағанды лагерінде өтеп келген, бұрынғы молда *Шәріпқали Әжіков* [ҚР ПА. 27-қ. 937-іс] атылады.

16 қаңтарда – 1927 ж. сайлау құқығынан айырылған, 1932 ж. «емшілікпен айналысқаны үшін» Қылмыстық кодекстің 169 бабы бойынша 5 жылға сотталып, 5 жылға сайлау құқығынан айырылған, жасы 73-тегі ауыл молдасы *Жолдыбай Қамыспаев* атылды. Оны «өзінің мазмұны бойынша арнайы қорғалатын мемлекеттік құпия болып табылатын мәліметтерді шет мемлекеттерге, контрреволюциялық ұйымдарға немесе жеке тұлғаларға бергені, ұрлағаны немесе жинағаны – шпионаж» үшін айыпты деп тапқан еді [ҚР ПА. 27-қ. 928-іс].

17 қаңтарда – бұрынғы молда, бақсы *Әйіп Сисенәлиев* пен жасы 57-дегі, бұрынғы молда *Әшім Қабасов (Қожабеков)* [ҚР ПА. 27-қ. 988-іс] атылды.

19 ақпанда атылғандар: 55 жастағы, бұрынғы бай-молда *Ескендір Үбішев* [ҚР ПА. 27-қ. 225-іс], 67 жастағы, сопы *Терекбай Оразбаев* [ҚР ПА. 27-қ. 1036-іс], діни жоғары білімі бар, 1931 ж. Қылмыстық кодекстің 61-3 және 79-1 баптары бойынша мемлекеттік тапсырысқа негізделген салықты төлемегені үшін 6 жылға бас бостандығынан айырылған, 61 жастағы, Құмтоғайдағы «Аққұдық» мешітін ұстаған, бай-молда *Қауан Білімбетов* [ҚР ПА. 27-қ. 1036-іс], 66 жастағы бұрынғы молда *Қаражан Сарбөдиев* [ҚР ПА. 27-қ. 224-іс] және байырғы молда *Есенбай Есенаманов* [ҚР ПА. 27-қ. 1036-іс]. Оларды «панисламдық, контрреволюциялық, ұлтшылдық үгіт-насихат жүргізді» деп айыптады.

26 қыркүйекте – 1930 ж. кәмпескеге ұшырап, жер аударылған, жасы 30-ға келген, молданың баласы *Рахмет Мұсағалиұлы Достанов* атылды [ҚР ПА. 27-қ. 564-іс].

27 қыркүйекте Жилая Коса поселкесінде мешіт молдасы болып қызмет еткен, жасы 66-дағы ишан *Нұрғали Есжанов* таңғы сағат 4-те Гурьев түрмесінде «өкпе туберкулезі, жүрек талмасынан» көз жұмды. [ҚР ПА. 27-қ. 1364-іс]. Н.Есжановтың әкесі хазірет Есжан Жаңабаев (1847–1918 жж.) 1878 ж. Башқұртстандағы Қарғалы мешітін бітірген, 1918 жылға дейін өзі мешіт ұстаған адам. Ол кезде Қарғалы селосында 9 медресе жұмыс жасап, онда башқұрт, татар, қазақтардан 496 шәкірт болса, XX ғасырдың басында шәкірттердің саны 700-ге жетіп, 1900-1901 жж. медреселердің бірінде «жадизм» мектебіне мұғалімдер дайындайтын Бүкілресейлік педагогикалық курстар да болған [Каргалинские медресе]. 1879–1894 жж. Нұрғали Есжанов Қарғалы медресесінде дәріс алып, 1918–1927 жж. әкесі салған мешітте молда, 1927–1930 жж. Былан болысы №8 ауылда молда болды. Оны 1930 ж. Жилая Коса халық соты Қылмыстық кодекстің 61-3 бабы бойынша айыпты деп тауып, 2 жылға шартты түрде соттап, сайлау құқынан айырған болса, 1931 ж. сәуір айында Доссор халық соты 61-3 бап бойынша қайта соттап, мал-мүлкінен айырып, Жилая Коса ауданына 8 жылға жер аударған еді.

29 қыркүйекте – Қошалақты ауылының тұрғыны, жасы 56-дағы бұрынғы молда *Әмірхан Таңқышев* атылды [ҚР ПА. 27-қ. 563-іс].

20 қазанда 4 молда атылды. Олар: 1929 жылға дейін өз мешіті болған, молда ретінде 500 рубль айыппұл төлеп, ал 1930 ж. контрреволюциялық қызметі үшін 5 жылға сотталған, 1937-1938 жж. арналған 120 кг ет салығын төлемеген, жасы 63-ке келген молда *Нұғман Хасанов* [ҚР ПА. 27-қ. 1168-іс], жасы 74-тегі бұрынғы молда *Тұхпатолла Ахметов* [ҚР ПА. 27-қ., 975-іс], Сафоновка селосының тұрғыны, мешіт ұстаған, жасы 77-ге келген, қажылыққа барған, молда *Шамбыл Мурзин* [ҚР ПА. 27-қ. 569-іс] және мешіт ұстаған, 69 жастағы, бұрынғы молда *Пазыл Тұрланов* [ҚР ПА. 27-қ. 978-іс].

22 қазанда 7 молда атылды, олар: 1931 ж. балық салығынан мемлекеттік тапсырысты орындамағаны үшін 5 жылға сотталған, жасы 54-тегі бұрынғы молда *Ерғали Аренев* [ҚР ПА. 27-қ. 973-іс], 1923-1929 жж. Манаш ауылында мұғалім болып жұмыс істеген, 1930 ж. 11 сәуірде ОГПУ өкілетті өкілдігі тұтқындап, «колхоз құрылысына қарсы болып, тұтқындалған адамдарды босатуға халықты көтергені, коммунистерге қарсы шыққаны» үшін Қылмыстық кодекстің 58-8, 58-10 баптары бойынша 1930 ж. 18 тамызда 5 жылға концлагерге айдалған, қазіргі кезде өз малын бағып жүрген, жасы 53-тегі, бұрынғы бай-молда *Оразақ Өтебаев* [ҚР ПА. 27-қ. 974, 1486-істер], 1932 ж. дін өкілі ретінде мемлекетке жүн салығын төлемегені үшін 5 жыл бас бостандығынан айырылған, жасы 54-тегі бұрынғы молда *Салық Хуснутдинов* [ҚР ПА. 27-қ. 732-іс], жасы 65-тегі, бұрынғы молда *Берді Құлбаев*, жасы 73-ке келген, бұрынғы бай-молда *Дәуітбай Наурызбаев* [ҚР ПА. 27-қ. 1157-іс], 1929 ж. Қылмыстық кодекстің 107 бабы бойынша 5 жылға сотталған, 1931 ж. Қылмыстық кодекстің 61 бабы бойынша 4 жылға бас бостандығынан айырылып, 4 жылға жер аударылған, жасы 60-тан кеткен, бұрынғы имам-молда *Ыбыраш Машағзов* [ҚР ПА. 27-қ. 957-іс] және жасы 50-дегі, бұрынғы молда *Айтмағамбет (Айтмұхамед) Мәмбетов* [ҚР ПА. 27-қ. 898-іс].

23 қазанда – 45 жастағы, бұрынғы бай-молда *Медение Нұрманов* [ҚР ПА. 27-қ. 1157-іс] атылды.

25 қазанда 6 молда атылды, олар: жасы 74-тегі, бұрынғы молда *Сейітқали Сәлиев* [ҚР ПА. 27-қ. 1224-іс], 1928 ж. мемлекеттік салықтан мал басын жасырғаны үшін 3 жылға сотталған, 1931 ж. контрреволюциялық қызметі үшін 5 жылға сотталған, жасы 73-тегі, мешіттің имам-молдасы *Нақан Ықласов* [ҚР ПА. 27-қ. 1225-іс], Ақсайдағы «Көк мешітте» молда болған, 1931 ж. Қылмыстық кодекстің 169-бабы бойынша 3 жылға сотталып, кәмпескеленген, «Дальлаг» (Қиыр Шығыс еңбекпен түзеу лагерінде) жазасын өтеген, жасы 37-ге шыққан, бұрынғы бай-молда *Оңдаған Дүйсекенов* [ҚР ПА. 27-қ. 1162-іс], жасы 51-дегі, бұрынғы молда, кейін Бақсай ауданы №17 ауылда сауатсыздықты

жою мектебінің мұғалімі *Рахымберді (Рахметолла) Тынышимов* [ҚР ПА. 27-қ. 689-іс], жасы 51-дегі, бұрынғы молда, төре тұқымы *Кенжегүл Есниязов* [ҚР ПА. 27-қ. 1193-іс], жасы 41-дегі бұрынғы молда *Сәбит (Салахетдин) Оспанов* [ҚР ПА. 27-қ. 567-іс].

26 қазанда атылған татар молдалары: 46 жастағы *Яхир (Яхия) Абдрахманұлы Ерімбетов*, 48 жастағы *Хұсайын Ахметұлы Алиев*, 57 жастағы *Заиратдин Садыратдинов* [ҚР ПА. 27-қ. 964-іс].

28 қазанда – 50 жастағы бұрынғы молда *Мұхамбет Айтекенов* [ҚР ПА. 27-қ. 971-іс] атылды.

29 қазанда 4 молда атылды, олар: жасы 75-тегі бұрынғы бай-молда *Мүсіріп Әспембетов* [ҚР ПА. 27-қ. 965-іс], бұрынғы имам-молда, жасы 63-тегі *Нығмет Бисембиев* [ҚР ПА. 27-қ. 1158-іс], мешіт ұстаған, жасы 68-дегі бұрынғы имам-молда *Тасжан Есжанов* [ҚР ПА. 27-қ. 1171-іс] және Мергенқорған деген жерде мешіт ұстап, бала оқытқан, 1930 және 1932 жж. «контрреволюциялық қызметі үшін» 2 рет сотталған, жасы 53-тегі, бұрынғы молда *Айтолла (Атағолла) Жақауов* [ҚР ПА. 27-қ. 1187-іс].

1 қарашада – алғаш 1930 ж. 9 шілдеде тұтқындалып, 9 қазанда Қылмыстық кодекстің 58-10 бабы бойынша сотталып, мал-мүлкі кәмпескеленіп, 5 жылға еңбекпен түзеу лагеріне айдалған, жазасын Байкал-Амур лагерінде өтеп келген, бұрынғы молда, жасы 47-дегі *Ғалам Жарылғанов* (құжатта Галлям Джарылғапов) атылды [ҚР ПА. 27-қ. 570-іс].

2 қарашада – Индер болысы №6 ауылда мешіт ұстаған, 1931 ж. Қылмыстық кодекстің 58-10 бабы бойынша «антисоветтік қызметі және мемлекеттік тапсырысты орындамағаны – саботаж үшін» 2 жылға бас бостандығынан айырылып, 3 жылға Гурьев қаласына жер аударылған, жасы 44-тегі, бұрынғы имам-молда *Оразғали Есқалиев* [ҚР ПА. 27-қ. 1232-іс] атылды.

4 қарашада 10 бірдей молда атылды, олар: Теңіз ауданы Нұржау ауылының тұрғыны, білімі орта, 1906 ж. Мекке, Медина қалаларында болып, татар медресесін бітірген, 1906-1914 жж. Стамбул қаласында тұрып, 1910 ж. оқытушылар семинариясын, 1914 ж. университеттің 1-курсын бітірген, жасы 43-ке келген, тұтқынға алынған кезде Жанқала ауданы Новая Казанка поселкесінде С.М. Киров атындағы мектеп мұғалімі, «Алашорда мүшесі, Ақ армияның белсенді қатысушысы, арнайы мешіт ұстаған», бұрынғы молда, мұхтасиб *Досқали Құлбаев* [ҚР ПА. 27-қ. 568-іс], жасы 50-дегі, бұрынғы бай-молда *Сәбит Жалмағамбетов* [ҚР ПА. 27-қ. 1154-іс], 1930 ж. жүн салығын «әдейі» төлемегені үшін 5 жылға сотталып, жер аударылған, 1933 ж. жер аударған жерден қашып келгені үшін 3 жылға итжеккенге кеткен, жасы 67-ге келген, бұрынғы молда *Мұқат (Мұқаметжан) Бердиев* [ҚР ПА. 27-қ. 1229-іс], 1929 ж. контрреволюциялық қызметі үшін 6 жылға сотталып, кәмпескеленген, 3 жылға жер аударылған, жасы 69-дағы, бұрынғы молда *Мүти (Мүтиғолла) Шәріпов* [ҚР ПА. 27-қ. 1188-іс], 1932 ж. кәмпескеленіп, 5 жылға итжеккенге айдалған, Киров атындағы колхоз мүшесі, жасы 60-тағы бұрынғы имам-молда *Саташ Есенгелдиев* [ҚР ПА. 27-қ. 571-іс], діни арнаулы орта білімі бар, 1931 ж. дейін Ганюшкино селосында мешіт ұстаған, 1931 ж. «бай-молда» ретінде кәмпескеленіп, Арал теңізіндегі лагерьге 5 жылға жер аударылған, колхоз мүшесі, жасы 53-тегі, имам-молда *Кәрім Шекмұхамбетов* [ҚР ПА. 27-қ. 562-іс], бұрынғы молда *Шаяхмет Шахвалиев* [ҚР ПА. 27-қ. 565-іс], жасы 68-дегі, бұрынғы молда *Нұрғали Сағындықов* [ҚР ПА. 27-қ. 1189-іс], жасы 67-дегі, бұрынғы молда *Мұсапар Қосаев* [ҚР ПА. 27-қ. 962-іс] және 1930 ж. кәмпескеленіп, 1931 ж. Арал теңізіндегі лагерьге жер аударылған, жасы 76-дағы, Ковалево селосындағы мешіт молдасы *Бақтығали Нәжмеденов* [ҚР ПА. 27-қ. 1169-іс].

Сөйтіп, 1937 ж. 10 қараша - 16 желтоқсан аралығында 19 молда (оның 1 татар молдасы) атылса, 1938 ж. 2 қаңтар – 4 қараша аралығында 51 молда (оның 4 татар молдасы) атылды. Дін өкілдерін қамауға алудан ату жазасы орындалғанға дейінгі уақыт 7 айдан 3 күнге дейін (молда Жұмағали Сегізбаевты тұтқындап, Қылмыстық кодекстің 58-2, 58-11 баптарымен айыптап, ату жазасына кесуге және үкімді орындауға небары 3 (үш!) күн уақыт кетті) қысқарды. Тек, адам аяғы жете бермейтін алыс ауылдағы молдалар және осы кезеңде жазасын өтеп лагерде отырған немесе итжеккенде жүрген дін өкілдері ғана бұл «Үлкен террордан» аман қалды.

Қорытынды. Әлі күнге дейін дінге қарсы науқандардың құрбандары толық ақталған жоқ. Олар «контрреволюциялық, панисламдық, шпиондық-бүлікшіл ұйымға мүше болғандығы» үшін ақталғанымен де, діни наным-сенімі үшін ақталмады. Ресейде олар 1996 жылы Ресей Президенті жарлығымен ақталған болатын. Қазақстанда да өзінің шыққан тегіне, қызметінің түріне байланысты азаматтық құқықтарынан, ең алдымен сайлау құқығынан айырылған дәстүрлі дін өкілдері саяси-құқықтық жағынан толық ақталуы тиіс.

Ату жазасына үкім шыққандардан бөлек сотталған немесе жер аударылған (ссылка), итжеккенге кеткен (высылка) дін өкілдері туралы мәліметтердің көпшілігі белгісіз болып қалуда. Тек

«Үлкен террор» кезінде атылған немесе лагерге жабылған адамдардың құжаттарын қарап отырып олардың бұрын сотталғандарын көруге болады. 1920–1930 жж. «халық соттары» арқылы сотталғандардың құжаттарының кейбірі архивтен табылғанымен, кейбірі сақталмаған немесе құжаттар сапасы сын көтермейді, оқуға келмейді. Көптеген діни қызметкерлер экономикалық баптармен жазаланып, жер аударылған. Олар туралы мәліметтер тауып, жарыққа шығару үшін қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі комиссия жұмыстары жалғаса беруі керек деп есептейміз.

Дереккөздер

АОМА – Атырау облысы мемлекеттік архиві

АОПДА – Атырау облысы Полиция департаменті ақпараттандыру және байланыс басқармасының арнайы мемлекеттік архиві

БҚОМА – Батыс Қазақстан облысы мемлекеттік архиві

БҚОПДА – Батыс Қазақстан облысы Полиция департаменті ақпараттандыру және байланыс басқармасының арнайы мемлекеттік архиві

ҚР ПА – Қазақстан Республикасы Президенті архиві

Әдебиеттер

Bennigsen, 1980 – *Alexandre A. Bennigsen*. Muslim National Communism in the Soviet Union: A Revolutionary Strategy for the Colonial World. Chicago: University of Chicago Press, 1980. 267 p.

Eaton, 2004 – *Katherine Bliss Eaton*. Daily Life in the Soviet Union. Greenwood Publishing Group, 2004. 320 p.

Kemper, 2009 – *Michael Kemper*. The Soviet Discourse on the Origin and Class Character of Islam, 1923–1933. Die Welt des Islams, 2009. 49(1) Pp. 1–48 pp.

Park, 1957 – *Alexander G. Park*, Bolshevism in Turkestan, 1917–1927. New York: Columbia University Press, 1957. 428 p.

Абуов, 1997 – *Абуов А.П.* Мировоззрение Ходжа Ахмета Ясави и его место в истории казахской философии: Автореф. дисс. докт. филос. наук. Алматы, 1997. 35 с.

Абусеитова и др., 2001 – *Абусеитова М.Х., Абылхожин Ж.Б., Кляшторный С.Г., Масанов Н.Э., Султанов Т.И., Хазанов А.М.* История Казахстана и Центральной Азии: учебное пособие. Алматы: Дайк-Пресс, 2001. 616 с.

Ақтаулова, 2013 – *Ақтаулова Б.Ж.* Кеңестік дәуір саясатындағы ислам факторы және Қазақстандағы ислами ахуал // ҚазҰУ хабаршысы. Шығыстану сериясы. 2013. № 3(64). 3–6-бб.

Арапов, 2010 – *Арапов Д.Ю.* (сост.) Ислам и советское государство (1917-1936). Сборник документов. Вып.2. М. Изд. дом Марджани. 2010. 208 с.

Бабаджанов и др., 2007 – *Бабаджанов Б.М., Муминов А.К., фон Кюгельген А.* Диспуты мусульманских религиозных авторитетов в Центральной Азии в XX веке. Алматы: Дайк - Пресс, 2007. 269 с.

Бодеев, Сақтаганова, 2018 – *Бодеев К.Т., Сақтаганова З.Г.* Кеңес өкіметінің Қазақстандағы діни ұйымдарға қатысты саясаты (XX ғасырдың 30-40 жж.) // Вестник КарГУ. Серия «История. Философия». 2018. № 1(89). С. 25–30.

Жанбосинова, 2009 – *Жанбосинова А.С.* Эволюция законодательно-правовой политики государства в отношении религиозного культа в 20-е годы XX века // Мировоззрение населения Южной Сибири и Центральной Азии в исторической ретроспективе: сб. науч. трудов / под ред. П.К. Дашковского. Барнаул: Азбука, 2009. Вып. III. С. 279–290.

Жанбосинова, 2012 – *Жанбосинова А.С.* Религиозная политика: ислам и советская власть // Народы и религии Евразии, 2012. № 5. С. 240–251.

Жанбосинова, 2015 – *Жанбосинова А.С.* Кампания по изъятию религиозных ценностей в 20-е годы XX века как метод борьбы с культом // Народы и религии Евразии, 2015. № 8. С. 264–275.

Жандарбек, 2002 – *Жандарбек З.З.* «Насаб-нама» нұскалары және түркі тарихы. – Алматы: Дайк-Пресс», 2002. 168 с.

Ибадуллаева, 2001 – *Ибадуллаева З.О.* Қазақ халқының құрамындағы құжаттар (тарихи-этнографиялық зерттеу): тарих ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. Алматы, 2001. 31 с.

Каргалинские медресе – *Каргалинские медресе*. URL.: <http://wiki02.ru/encyclopedia/kargalinskije-medrese/t/6509>.

Козыбаев, 2019 – *Козыбаев И.М.* «Большой террор в Казахстане». Алматы: Раритет, 2019. 368 с.

Козыбаев, Алдажуманов, 1997 – *Козыбаев М.К., Алдажуманов К.С.* Тоталитарный социализм: реальность и последствия. Алматы: Адилет. Фонд XXI век, 1997. 28 с.

- Койгелдиев, 2009 – *Койгелдиев М.К.* Сталинизм и репрессии в Казахстане 1920–1940-х годов. Алматы, 2009. 448 с.
- Куаныш, Айдосынова, 2022 – *Куаныш С.О., Айдосынова Г.Ж.* Атырау өңірінің мешіттері мен мешіт ұстаған молдалары // Атырау өңіріндегі саяси қуғын-сүргін. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Атырау өңірлік комиссиясы мүшелерінің мақалалар жинағы. Атырау: «Assem» ЖШС, 2022. 182-194 бб. (252 б.); Куаныш С.О. Жаланың құрбандары ақтала ма? // Атырау. 2022. № 41. 27 мамыр. 14 б.
- Құттымұратұлы, 2021 – *Құттымұратұлы Қ.* Сенім үшін сергелдең (Саяси қуғын-сүргінге түскен батысқазақстандық дін өкілдері). Орал: «ШұғылаПринт» баспасы, 2021. 327 б.
- Мунинов, 2004 – *Мунинов А.К.* Казахские ходжи // SHYGYS. 2004. № 1. С. 229–235.
- Мустафина, 2003 – *Мустафина Р.М.* Ислам в Казахстане в советский период // Отан Тарихы (Отечественная История), 2003. № 4. С. 48–57.
- Мухтарова, 2007 – *Мухтарова Г.Д.* Ислам в советском Казахстане (1917–1991 гг.): Дисс. на соискание ученой степени: д.и.н. Алматы, 2007. 307 с.
- Нурғалиева, 2005 – *Нурғалиева А.М.* Очерки по истории ислама в Казахстане. Алматы: Дайк-Пресс, 2005. 224 с.
- Нуртазина, 2008 – *Нуртазина Н.Д.* Борьба с исламом. Религиозная политика Советской Власти в Казахстане в 20-40-е годы XX века. Алматы: Қазақ Университеті, 2008. 36 с.
- Нұртазина, 2002 – *Нұртазина Н.Д.* Қазақ мәдениеті және ислам (тарихи-мәдениеттанулық зерттеу). Алматы: ҚазМӨҒЗИ, 2002. 208 б.
- Нысанбаев, Сулейменов, 1991 – *Нысанбаев А.Н., Сулейменов Ф.М.* Между миром и разумом. (Из опыта духовных исканий XX в.). Алма-Ата: Казахстан, 1991. 144 с.
- Сабитов, 1950 – *Сабитов Н.* Мектебы и медресе у казахов. (Историко-педагогический очерк). Алма-Ата: Академия наук Казахской ССР, 1950. 44 с.
- Сабырғалиева, 2022 – *Сабырғалиева Н.Б.* Қазақстанның батыс өңірлеріндегі дәстүрлі ислам өкілдерінің рухани-ағартушылық қызметі (XIX ғ. екінші жартысы – XX ғ. басы). 6D020300-Тарих Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы, 2022. 244 б.
- Савин, 2005 – *Савин А.И.* «Эта работа...произведет соответствующее впечатление и на Европу» (из документов ОГПУ СССР о методах борьбы с религиозными организациями в I половине 1920-х гг.) // Гуманитарные науки Сибири, 2005. № 2. С. 74–78.
- Тасмағамбетов, 2008 – *Тасмағамбетов А.С.* Политика Советской власти в отношении ислама на Востоке страны в первые годы после Октября 1917 г. // Октябрь 1917-го: проблемы истории и историографии: матер. межд. науч. конф. Ч. 2. Москва: ИтиГ, 2008. С. 74–80.
- Хакимов, 2013 – *Хакимов Р.Ш.* Лишение избирательного права мусульманских священнослужителей в 20–30-е годы XX века (на примере Урала) // Международный журнал экспериментального образования. 2013. № 11–1. С. 90–93.
- Хисматулин, 2008 – *Хисматулин А.А.* Суфизм. СПб.: Азбука-классика, Петербургское востоковедение, 2008. 192 с.
- Шаповал, 2022 – *Шаповал Ю.В.* Борьба советской власти с мусульманским духовенством в Северном Казахстане в 20-30-е гг. XX века: от статуса «лишенцев» до «участников контрреволюционной организации» // Аль-Фараби. Журнал социально-гуманитарных исследований. 2022. № 1(77). С. 153–168.

Sources

- AOMA – Atyrau oblysy memlekettik arhivi [State Archive of the Atyrau region]
 AOPDA – Atyrau oblysy Policia departamenti arhivi [Police Department Archive of the Atyrau region]
 BKOMA – Batys Kazakhstan oblysy memlekettik arhivi [West Kazakhstan Regional State Archives]
 BQOPDA – Batys Kazakhstan oblysy Policia departamenti arhivi [Police Department Archive of the West Kazakhstan region]
 KRPA – Kazakhstan Respublikasy Prezidentinin arhivi [Archive of the President of the Republic of Kazakhstan]

References

- Bennigsen, 1980 – *Alexandre A. Bennigsen.* Muslim National Communism in the Soviet Union: A Revolutionary Strategy for the Colonial World. Chicago: University of Chicago Press, 1980. 267 p. Eaton, 2004 – *Katherine Bliss Eaton.* Daily Life in the Soviet Union. Greenwood Publishing Group, 2004. 320 p.
- Kemper, 2009 – *Michael Kemper.* The Soviet Discourse on the Origin and Class Character of Islam, 1923–1933. *Die Welt des Islams.* 2009. № 49(1). Pp. 1–48.
- Park, 1957 – *Alexander G. Park.* Bolshevism in Turkestan, 1917-1927. New York: Columbia University Press, 1957. 428 p.
- Abuov, 1997 – *Abuov A.P.* Mirovozzrenie Hodzha Ahmeta Yasavi i ego mesto v istorii kazahskoj filosofii [The worldview of Khoja Akhmet Yasavi and his place in the history of Kazakh philosophy]: Avtoref. diss. dokt. filos. nauk. Almaty, 1997. 35 p. [in Rus.].

- Abuseitova i dr., 2001 – *Abuseitova M.H., Abylhozhin Zh.B., Klyashtornyj S.G., Masanov N.E., Sultanov T.I., Hazanov A.M.* Istoriya Kazahstana i Central'noj Azii [History of Kazakhstan and Central Asia]: uchebnoe posobie. Almaty: Dajk-Press, 2001. 616 p. [in Rus.].
- Aktaulova, 2013 – *Aktaulova B.Zh.* Kenestik dauir sayasatyndagy islam faktory zhane Kazakstandagy islami ahual [The Islamic factor in the politics of the Soviet era and the Islamic situation in Kazakhstan]. *KazYU habarshysy.* Shygystanu seriyasy. 2013. № 3 (64). Pp. 3–6. [in Kaz.].
- Arapov, 2010 – *Arapov D.Yu.* (sost.) Islam i sovetskoe gosudarstvo (1917-1936) [Islam and the Soviet State (1917-1936)]. Sbornik dokumentov. Vyp. 2. M., Izd. dom Mardzhani. 2010. 208 p. [in Rus.].
- Babadzhanov i dr., 2007 – *Babadzhanov B.M., Muminov A.K., fon Kyugel'gen A.* Disputy musul'manskih religioznyh avtoritetov v Central'noj Azii v XX veke [The Debates of Muslim religious authorities in Central Asia in the 20th century]. Almaty: Dajk-Press, 2007. 269 sp [in Rus.].
- Bodeev, Saktaganova, 2018 – *Bodeev K.T., Saktaganova Z.G.* Kenes okimetining Kazakstandagy dini ujymdarga katysty sayasaty (XX gasyrdyng 30-40 zhzh.) [The policy of the Soviet authorities in relation to religious organizations in Kazakhstan (30-40s of the XX century.)]. *Vestnik KarGU.* Seriya «Istoriya. Filosofiya». 2018. № 1(89). Pp. 25–30 [in Kaz.].
- Zhanbosinova, 2009 – *Zhanbosinova A.S.* Evolyuciya zakonodatel'no-pravovoj politiki gosudarstva v otnoshenii religioznogo kul'ta v 20-e gody XX veka [The evolution of the legislative and legal policy of the state in relation to religious worship in the 20s of the twentieth century] // *Mirovozzrenie naseleniya Yuzhnoj Sibiri i Central'noj Azii v istoricheskoy retrospektive: sb. nauch. trudov / pod red. P.K. Dashkovskogo.* Barnaul: Azbuka, 2009. Vyp. III. Pp. 279–290. [in Rus.].
- Zhanbosinova, 2012 – *Zhanbosinova A.S.* Religioznaya politika: islam i sovetskaya vlast' [Religious politics: Islam and the Soviet Government]. *Narody i religii Evrazii.* 2012. № 5. Pp. 240–251. [in Rus.].
- Zhanbosinova, 2015 – *Zhanbosinova A.S.* Kampaniya po iz'yatiyu religioznyh cennostey v 20-e gody veka kak metod bor'by s kul'tom [The campaign for the seizure of religious values in the 20s of the twentieth century as a method of combating the cult]. *Narody i religii Evrazii.* 2015. № 8. Pp. 264–275 [in Rus.].
- Zhandarbek, 2002 – *Zhandarbek Z.Z.* «Nasab-nama» nyskalary zhane turki tarihy ["Nasab-Nama" and Turkic history]. Almaty: Dajk-Press, 2002. 168 p. [in Kaz.].
- Ibadullaeva, 2001 – *Ibadullaeva Z.O.* Kazak halkynyng quramyndagy quzhattar (tarihi-etnografiyalyk zerrteu) [Documents on the composition of the Kazakh people (historical and ethnographic research)]: tarih gylymdarynyng kandidaty darezhesin alu yshin dajyndalghan dissertatsiyaning avtoreferaty. Almaty, 2001. 31 p. [in Kaz.].
- Kargalinskie medrese – *Kargalinskie medrese* [Kargaly madrasahs] // [Elektronnyj resurs] URL.: <http://wiki02.ru/encyclopedia/kargalinskie-medrese/t/6509>. [in Rus.].
- Kozybaev, 2019 – *Kozybaev I.M.* «Bol'shoj terror v Kazahstane» ["The Great Terror in Kazakhstan"]. Almaty: Raritet, 2019. 368 p. [in Rus.].
- Kozybaev, Aldazhumanov, 1997 – *Kozybaev M.K., Aldazhumanov K.S.* Totalitarnyj socializm: real'nost' i posledstviya [Totalitarian Socialism: reality and consequences]. Almaty: Adilet. Fond XXI vek, 1997. 28 p. [in Rus.].
- Kojgeldiev, 2009 – *Kojgeldiev M.K.* Stalinizm i repressii v Kazahstane 1920–1940-h godov [Stalinism and repression in Kazakhstan in the 1920s and 1940s]. Almaty, 2009. 448 p. [in Rus.].
- Kuanysh, Ajdosynova, 2022 – *Kuanysh S.O., Ajdosynova G.Zh.* Atyrau onirining meshitteri men meshit ustagan moldalary [Mosques and mullahs in the Atyrau region] // Atyrau onirindegi sayasi qugyn-surgin. Sayasi qugyn-syrgin qurbandaryn tolyk aktau zhonindegi Atyrau onirlik komissiyasy myshelerining makalalar zhinagy. Atyrau: «Assem» ZhShS, 2022. Pp. 182–194. (252 p.); *Kuanysh S.O.* Zhalanyng qurbandary aqtala ma? [Will the victims of slander be vindicated?]. Atyrau, 2022. 27 mamyr (№ 41). 14 p. [in Kaz.].
- Kuttymuratuly, 2021 – *Kuttymuratuly K.* Senim ushin sergeldeng (Sayasi qugyn-syrginge tysken batys kazakstandyk din okilderi) [You who fought for your faith (Religious representatives of West Kazakhstan who were subjected to political persecution)]. Oral: «ShugylaPrint» baspasy, 2021. 327 p. [in Kaz.].
- Muminov, 2004 – *Muminov A.K.* Kazahskie hodzhi [Kazakh hodjis]. *SHYGYS.* 2004. № 1. Pp. 229–235 [in Rus.].
- Mustafina, 2003 – *Mustafina P.M.* Islam v Kazahstane v sovetskij period [Islam in Kazakhstan in the Soviet period]. *Otan Tarihy* (Otechestvennaya Istoriya). 2003. № 4. Pp. 48–57 [in Rus.].
- Muhtarova, 2007 – *Muhtarova G.D.* Islam v sovetskom Kazahstane (1917–1991 gg.) [Islam in Soviet Kazakhstan (1917–1991)]: Diss. na soiskanie uchenoj stepeni: d.i.n. Almaty, 2007. 307 p. [in Rus.].
- Nurgalieva, 2005 – *Nurgalieva A.M.* Ocherki po istorii islama v Kazahstane [Essays on the history of Islam in Kazakhstan]. Almaty: Dajk-Press, 2005. 224 p. [in Rus.].
- Nurtazina, 2008 – *Nurtazina N.D.* Bor'ba s islamom. Religioznaya politika Sovetskoj Vlasti v Kazahstane v 20-40-e gody XX veka [Struggle with Islam. Religious policy of the Soviet Government in Kazakhstan in the 20-40s of the XX century]. Almaty: Kazak: Universiteti, 2008. 36 p. [in Rus.].
- Nurtazina, 2002 – *Nurtazina N.D.* Kazak madeniety zhane islam (tarihi-madeniETTANulyq zertteu) [Kazakh culture and Islam (historical and cultural research)]. Almaty: KazMOGZI, 2002. 208 p. [in Kaz.].

Nysanbaev, Sulejmenov, 1991 – *Nysanbaev A.N., Sulejmenov F.M.* Mezhdru mirom i razumom [Between the world and the mind]. (Iz opyta duhovnyh iskanij XX v.). Alma-Ata: Kazahstan, 1991. 144 p. [in Rus.].

Sabitov, 1950 – *Sabitov N.* Mekteby i medrese u kazahov [Kazakh school and madrasa]. (Istoriko-pedagogicheskij ocherk). Alma-Ata: Akademiya nauk Kazahskoj SSR, 1950. 44 p. [in Rus.].

Sabyrgalieva, 2022 – *Sabyrgalieva N.B.* Kazakstannyng batys onirlerindegi dastyrlı islam okilderining ruhani-agartushlyq qyzmeti (XIX g. ekinshi zhartyssy – XX g. basy) [Spiritual and educational activities of representatives of traditional Islam in the western regions of Kazakhstan]. 6D020300-Tarih Filosofiya doktory (PhD) darezhesin alu yshin dajyndalghan dissertaciya. Almaty, 2022. 244 p. [in Kaz.].

Savin, 2005 – *Savin A.I.* «Eta rabota...proizvedet sootvetstvuyushchee vpechatlenie i na Evropu» ["This work...produces a corresponding impression on Europe"] (iz dokumentov OGPU SSSR o metodah bor'by s religioznyimi organizatsiyami v I polovine 1920-h gg.). *Gumanitarnye nauki Sibiri*. 2005. № 2. Pp.74–78 [in Rus.].

Tasmagambetov, 2008 – *Tasmagambetov A.S.* Politika Sovetskoj vlasti v otnoshenii islama na Vostoke strany v pervye gody posle Oktyabrya 1917 g. [The policy of the Soviet government against Islam in the East of the country in the first years after October 1917] // *Oktyabr' 1917-go: problemy istorii i istoriografii: mater. mezhd. nauch. konf. Ch.2.* Moskva: ItiG, 2008. Pp. 74–80 [in Rus.].

Hakimov, 2013 – *Hakimov R.Sh.* Lishenie izbiratel'nogo prava musul'manskih svyashchennosluzhitelej v 20-30-e gody XX veka (na primere Urala) [Disenfranchisement of Muslim clerics in the 20s and 30s of the XX century (for example, the Urals)]. *Mezhdunarodnyj zhurnal eksperimental'nogo obrazovaniya*. 2013. № 11–1. Pp. 90–93 [in Rus.].

Hismatulin, 2008 – *Hismatulin A.A.* Sufizm [Sufism]. SPb.: Azbuka-klassika, Peterburgskoe vostokovedenie, 2008. 192 p. [in Rus.].

Shapoval, 2022 – *Shapoval Yu.V.* Bor'ba sovetskoj vlasti s musul'manskim duhovenstvom v Severnom Kazahstane v 20-30-e gg. XX veka: ot statusa «lishencev» do «uchastnikov kontrevolyucionnoj organizacii» [The struggle of the Soviet power with the Muslim clergy in Northern Kazakhstan in the 20–30s. XX century: from the status of "dispossessed" to "participants of the counter-revolutionary organization"]. *Al'-Farabi, zhurnal social'no-gumanitarnyh issledovanij*. 2022. № 1(77). Pp. 153–168 [in Rus.].

МАЗМҰНЫ/ СОДЕРЖАНИЕ/CONTENT
ОТАН ТАРИХЫ. 2025. Т. 28. № 4

<i>Uryustyumova A., Sadvakassova Zh., Omurova Zh.</i> KAZAKHSTAN-KYRGYZSTAN CULTURAL DIPLOMACY (2015–2025): THE ROLE OF TURKSOY AND OTHER CULTURAL PLATFORMS.....	990
<i>Sailaubaeva A.K., Zhumatai S.</i> THE ROLE OF THE AKHMET RIZA MADRASAH IN THE EDUCATIONAL AND ENLIGHTENMENT ACTIVITIES OF THE SEMEY REGION.....	1000
<i>Akshanova A.M., Otepova G.E., Kabidenova Zh.D.</i> NATIONAL PERSONNEL POLICY IN THE PAVLODAR REGION UNDER THE FUNCTIONAL NORM OF KORENIZATSIYA (INDIGENIZATION).....	1009
<i>Kapassova G., Sadvakassova Zh., Kaliyeva K.</i> HISTORICAL FORMATION AND DEVELOPMENT TRENDS OF TOURISM IN THE ALAKOL AND ISSYK-KUL REGIONS: A COMPARATIVE ANALYSIS.....	1020
<i>Dossymova M.K.</i> THE GENERAL SITUATION OF THE OTTOMAN EMPIRE AND RUSSIA IN THE FINAL STAGES OF THE FIRST WORLD WAR.....	1033
<i>Baigabatova N., Abdrakhim M.</i> ADAPTATION CHALLENGES OF ETHNIC REPATRIATES IN POST-SOVIET KAZAKHSTAN: A HISTORICAL-CONTEXTUAL ANALYSIS.....	1050
<i>Dalayeva T., Idrissova A.</i> VISUAL SYMBOLISM OF ECONOMIC HISTORY IN TEXTBOOKS ON THE MODERN HISTORY OF KAZAKHSTAN (SECOND HALF OF THE 20TH–EARLY 21 CENTURIES).....	1063
<i>Sadvakassova Zh., Kapassova G.</i> KAZAKHSTAN KYRGYZ AND KYRGYZSTAN KAZAKHS: ETHNODEMOGRAPHIC TRANSFORMATION AND MIGRATION IN THE FIRST DECADE OF INDEPENDENCE.....	1080
<i>Zhussip S.A., Nurpeisov Y.K., Maslov Kh.B.</i> ALASH ORDA'S SOVEREIGN FOREIGN POLICY: NEGOTIATIONS WITH THE CZECHOSLOVAK DELEGATION (1918-1920).....	1091
<i>Токашева А.Н., Жуманова А.З.</i> 1944 ЖЫЛҒЫ БКП(Б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНДЕГІ ТАРИХШЫЛАР КЕҢЕСІ: КЕҢЕС ТАРИХНАМАСЫНДАҒЫ ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ БАҒЫТ.....	1107

Сулейменова А.Т.РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАҚЫЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ҚҰЖАТТАРЫ ҚАЗАҚСТАНДА
1925–1933-ЖЫЛДАРЫ ЖҮРГІЗІЛГЕН НАУҚАНДАРДЫ
ЗЕРТТЕУДІҢ ТАРИХИ ДЕРЕККӨЗІ РЕТІНДЕ.....1117**Абсаликов А.А., Бисенова Г.А.**ИСТОРИЧЕСКИЕ ИСТОЧНИКИ О КОК ОРДЕ (СИНЕЙ ОРДЕ) И АК ОРДЕ
(БЕЛОЙ ОРДЕ): ПРОБЛЕМЫ ЛОКАЛИЗАЦИИ И РЕКОНСТРУКЦИИ
В ИСТОРИКО-ГЕОГРАФИЧЕСКОМ КОНТЕКСТЕ.....1136**Молдин Б.А., Мәден А.Т.**XX ҒАСЫРДЫҢ 20-30 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ
ХАЛЫҚ НАРАЗЫЛЫҚТАРЫ МЕН КӨТЕРІЛІСТЕРІ МӘСЕЛЕСІНЕ
ТАРИХНАМАЛЫҚ ШОЛУ.....1148**Бейсенбаева Г.К., Касенова А.Д., Богенбаева А.К.**

ПОЛЕВЫЕ АРХЕОЛОГИЧЕСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ ДЛЯ ШКОЛЬНИКОВ.....1166

Рахметова Ә., Сарсембаева Г.ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДАМУДЫҢ ЖАҢА
БАҒЫТТАРЫ (2021–2025 жж.).....1177**Есназарова З.Б.**АДМИНИСТРАТИВНО-ТЕРРИТОРИАЛЬНОЕ И СОЦИАЛЬНО-
ДЕМОГРАФИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ ГОРОДОВ
КАРАКАЛПАКСТАНА. 1873–1926 гг.....1189**Базарбаев К., Амирбек А., Акдениз Э.**XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-
САЯСИ САНАСЫНДАҒЫ ТҮРКИЯ ФАКТОРЫ.....1205**Шолахов М.Г., Алпысбес М.А.**

РЕФОРМЫ ЖАНГИР-ХАНА.....1215

Мамраймов С.Д.1937 ЖЫЛҒЫ №00447 БҰЙРЫҚ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ
КЕҢЕСТІК РЕПРЕССИЯЛЫҚ АППАРАТТЫҢ
ҚҰРЫЛЫМДЫҚ-ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ ТЕТІКТЕРІ.....1230**Ескалиев С.А., Айтенов Ж.К.**КОММУНИСТІК ПАРТИЯ МЕН КЕҢЕСТІК МЕМЛЕКЕТТІЛІК:
ТОТАЛИТАРЛЫҚ ЖҮЙЕНІҢ ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ ЭВОЛЮЦИЯСЫ
(ТАРИХИ АСПЕКТ).....1245**Сағнайкызы С., Сартаев С.А., Нусунбаева С.А.**КОРРУПЦИЯ И ПОЛИТИЗАЦИЯ: ОТРАЖЕНИЕ ТРАНСФОРМАЦИИ
ПРАВООХРАНИТЕЛЬНОЙ СИСТЕМЫ КАЗАХСКОЙ АССР НА СТРАНИЦАХ
ГАЗЕТЫ «ЕҢБЕКШІ ҚАЗАҚ» (КОНЕЦ 1920-х – НАЧАЛО 1930-х ГОДОВ).....1260

Қуаныш С.О., Айдосынова Г.Ж., Мурзаходжаев Қ.М.

АТЫРАУ Өңіріндегі қуғын-сүргін: өлім жазасына

КЕСІЛГЕН ДІН ӨКІЛДЕРІ.....1271

Хайдаров Т.Ф., Бейсембаева А.Р.

XIV ғасырдың екінші жартысында жошы ұлысында

болған індет.....1284

Түлебаев Д.Ж., Симтиков Ж.К.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТАРИХЫНДАҒЫ ТІЛДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК РӨЛІ.....1293

Ашимова У.А., Қалшабаева Б.К.

ҚАЗАҚ ӘЙЕЛДЕРІНІҢ ДӘСТҮРЛІ КИІМІНДЕГІ ТРАНСФОРМАЦИЯЛЫҚ

ҮРДІСТЕР: МӘДЕНИ ЖАД ПЕН ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІК ТҮЙІСІНДЕ.....1304

Kabuldinov Z.Y., Mussabalina G., Beisembayeva A.

KAZAKH-OIRAT RELATIONS IN THE CONTEXT OF REGIONAL

TRANSFORMATIONS IN CENTRAL ASIA (15th – EARLY 17th CENTURIES).....1319

Ерзабылов А.Е.

ЖЕТІСУ ЖӘНЕ ІЛЕ АЛАБЫНДАҒЫ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚАЛАЛАРДЫҢ

ЗЕРТТЕЛУІНДЕГІ КЕЙБІР ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

(1991-2023 ЖЖ. ЗЕРТТЕУЛЕР НЕГІЗІНДЕ).....1331



Ш.Ш. Уәлиханов ат. Тарих және этнология институты
Алматы қ., Шевченко көш., 28
Тел/факс: +7 727 261 67 19
e-mail: kazhistory@bk.ru